

Алтай ауданы Средигорное ауылындағы телефон кәрізін орналастыру және пайдалану үшін жер теліміне шектеулі мақсатта пайдалану (қауымдық сервитут) құқығын белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы Средигорное ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 29 қыркүйектегі № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 8 қазанда № 7632 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 19-бабына , 69-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес Алтай ауданы Средигорное ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Қазақтелеком" акционерлік қоғамына Средигорное ауылының Центральная көшесіндегі № 43 үйден № 39 үйге дейін орналасқан телефон кәрізін орналастыру және пайдалану үшін ауданы 0,0177 га жер телімін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоюсыз 2030 жылдың 31 желтоқсанына дейін 10 (он) жыл мерзімге жер телімін шектеулі мақсатта пайдалану (қауымдық сервитут) құқығы белгіленсін.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы Средигорное ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі осы шешімнің Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. "Алтай ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Қазақтелеком" акционерлік қоғамымен сервитут шартын жасасын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Средигорное ауылдық округінің әкімі

К. Сарғалинов